



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен 1 қыркүйектен бастап мемлекеттік шәкіртақы еседі.

2022-2023 оқу жылындағы деректерге сәйкес, елімізде жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі 116 білім беру ұйымы бар. Оның 105-і – магистранттарды, 73-і – докторанттарды, 18-і резиденттерді даярлайды. Аталған білім беру ұйымдарының 72,4 пайызы – жекеменшік, 25,9 пайызы – мемлекеттік.

шәкіртақысы 20 пайызға, магистранттар мен докторанттардың шәкіртақысы 15 пайызға, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқитын студенттердің шәкіртақысы 50 пайызға дейін еседі.

Соған сәйкес педагогикалық дайындық бағыттары мен «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша оқитын студенттерді қоспағанда, жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің шәкіртақысы 36 660 теңгеден 41 898 теңгеге,

тардың шәкіртақысы 100 036 теңгеден 111 579 теңгеге еседі.

Ал Жоғарғы сот жанындағы мемлекеттік органдардан оқуға жіберілген сот төрелігі академиясының магистранттарының шәкіртақысы кейінгі жжмыс орнындағы жалақы деңгейінде, бірақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын магистранттар үшін белгіленген мемлекеттік стипендиядан төмен емес мөлшерде төленеді.


Техникалық және кәсіптік

Шәкіртақы өседі

кеттік, 1,7 пайызы – шетелдік меншікте. Ел бойынша 578,2 мың студент бар. Олардың 213,4 мыңы немесе 36,9 пайызы мемлекет бөлген грантпен оқиды. Ал магистранттар саны – 35,7 мың, докторанттар саны – 6,2 мың. Магистранттардың 19,1 мыңы немесе 53,7 пайызы мемлекет тапсырысымен даярланып жатыр.

Жыл сайын гранттар саны кемінде бес мыңға артып отырады. 2023-2024 оқу жылына 88 мың білім гранты бөлінген. Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, гранттардың көбі – 18 744 грант «инженерлік өңдеу, құрылыс салалары» білім беру бағдарламаларына берілген. Ал «Педагогикалық ғылымдарға» – 12 560 грант, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» саласына – 10 103 грант, «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» бағытына 7 388 грант бөлінген. Жалпы, мемлекет тарапынан 73 мыңнан астам бакалавр, 13 мыңнан астам магистр, 1800-ден астам докторант даярлауға тапсырыс берілген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен биыл бакалавр дәрежесіндегі студенттердің



жоғары оқу орындарында педагогикалық және «Денсаулық сақтау» бағыттары бойынша оқитын студенттерді 58 800 теңгеден 67 200 теңгеге, интерндердің шәкіртақысы 66 403 теңгеден 75 890 теңгеге, магистранттардыкі 86 987 теңгеден 97 024 теңгеге, Назарбаев университетінде оқитын магистранттардың шәкіртақысы 162 500 теңгеден 181 250 теңгеге, докторанттардың шәкіртақысы 195 000 теңгеден 217 500 теңгеге, «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша резидент дәрігерлер мен магистрант-

білім беру ұйымдарында жмысшы біліктілігі бойынша оқитын студенттердің шәкіртақысы 21 787 теңгеден 32 681 теңгеге, техникалық және кәсіптік (орта буын мамандарын даярлауды көздейтін), орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқитын студенттердің шәкіртақысы 20 948 теңгеден 31 422 теңгеге көтеріледі.

Бұл өзгерістер 1 қыркүйектен бастап заңды күшіне енеді.

Қазақстан Президенті Вьетнам Ұлттық жиналысының төрағасымен кездесті



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Вьетнам Ұлттық жиналысының төрағасы Вьонг Динь Хьюэмен кездесу өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Вьетнам Ұлттық жиналысының төрағасы Вьонг Динь Хьюэмен әңгімелесу барысында Қазақстан екі ел арасындағы жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға баса мән беретінін айтты.

Президент екіжақты күн тәртібі аясында Вьетнаммен парламентаралық байланыстарды дамытуға баса мән беретініне назар аударып, заң шығару органдары арасындағы өзара сапар алмасу ісін жандандыруды ұсынды.

Вьонг Динь Хьюэ парламенттер арасындағы екіжақты

қарым-қатынасты тереңдету жөніндегі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысын қолдады.

«Сіздің сапарыңыз елдеріміз арасындағы достық қатынастарды нығайтуға деген шынайы ниетіңізді білдіреді. Сондай-ақ сапарыңыз алға қарай басқан маңызды қадам және Вьетнам мен Қазақстан арасындағы дәстүрлі әрі көпжақты ынтымақтастыққа тың серпін береді деп ойлаймын. Сонымен қатар сіздің Парламентте ұзақ жыл қызмет етіп, мол тәжірибе жинағаныңыз мәлім. Бұл біздің заң шығару органдары арасындағы ынтымақтастықты нығайту үшін пайдалы болады деп санаймыз», деді Ұлттық жиналыс төрағасы.

Несие ауыртпалығы қалай шешіледі?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі несие жүктемесін жеңілдетуді қарастырып отыр. Бұл туралы агенттіктің «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту және қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының реттеушілік саясатын консультативтік қажатында атап көрсетілген. Құжат жобасы біраз уақыт бұрын Ашық НҚА порталында орналастырылды.

«Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ деректеріне сүйенсек, биыл 1 сәуірдегі жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктердегі, микроқаржы ұйымдарындағы және коллекторлық агенттіктердегі баланстағы және баланстан тыс кепілсіз тұтынушылық кредиттер мен микрокредиттерінің көлемі 2023 жылғы 1 тоқсанда 8 трлн теңгеден 8,3 трлн теңгеге дейін (+0,3 трлн теңге), 3,2%-ға ұлғайған. Қарыз алушы саны – 9,3 млн адам (+0,2 млн адам, 2,4 пайызға ұлғайған).

Агенттіктің хабарлауынша, ведомство кейінгі жылдары борыш жүктемесін азайту және тұтынушылық кредит беру

тәуекелдерін барынша азайту үшін іс-шаралар кешенін іске асырды. Оның ішінде:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап төлем мерзімі 90 күн өткеннен кейін жеке тұлғалардың барлық кепілсіз тұтынушылық кредиттері мен микрокредиттері бойынша айыпақыны және комиссияларды есептеуге заңнамалық тыйым салынды;

Проблемалық тұтынушылық кредиттердің шамадан тыс өсуіне жол бермеу үшін пруденциялық реттеу шаралары күшейтілді;

Қарыз алушылардың борыш жүктемесінің өсуін шектеу мақсатында тұтынушылық кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін реттеу жөнінде іс-шаралар қабылданды;

Қиын жағдайға тап болған проблемалық қарыз алушыларға қолдау көрсету үшін олардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және кредиторлар алдында қабылданған міндеттемелерді уақтылы орындауды жалғастыру мақсатында 2021 жылғы қазан айынан бастап екінші деңгейдегі

банктердің және микроқаржы ұйымдарының мерзімі өткен қарызды қайта құрылымдауға қарыз алушылардың өтініштерін қарауының міндетті рәсімін көздейтін проблемалық берешекті сотқа дейінгі реттеудің бірыңғай тәртібі енгізілді;

Екінші деңгейдегі банктер мен микроқаржы ұйымдарынан проблемалық кредиттер мен жеке тұлғалардың микрокредиттерін азайту жөніндегі жеке жоспарлар талап етілді.

Агенттік сонымен қатар тұтынушылық кепілсіз микрокредиттердің шамадан тыс өсуіне жол бермеу, сондай-ақ қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау үшін мыналарды көздейтін түзетулерді қабылдауды ұсынады:

1) Екінші деңгейдегі банктердің және микроқаржы ұйымдарының 90 күннен аса төлем мерзімін кешіктірген жеке тұлғаларға кредиттер мен микрокредиттер беруіне тыйым салу;

2) Екінші деңгейдегі банктер мен микроқаржы ұйымдары мерзімі өткен берешек туын-

даған кезден бастап 18 ай ішінде проблемалық берешекті реттеуді жүргізбеген жеке тұлғалардың кредиттерін коллекторларға сатуға тыйым салуды енгізу;

3) Коллекторлық агенттіктердің өздері сатып алған жеке тұлғалардың кредиттері бойынша проблемалық берешекті реттеу рәсімдерін жүзеге асыру міндетін белгілеу;

4) Қарыз алушылармен және олардың өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде олар қолдана алмайтын жосықсыз әрекеттерді бекіту арқылы коллекторлық агенттіктер қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыру. Бұл ретте қарыз алушының уақыт шығындарын және коллекторлық агенттіктердің қаржылық шығындарын қысқарту мақсатында қарыз алушымен немесе оның өкілімен байланыс кезінде коллекторлық қызметкерлер ұсынатын ақпарат тізбесі оңтайландырылды.

«2021 жылғы 1 қаңтардан бастап микроқаржыландыру нарығының барлық субъектісі қаржы ұйымдарына жатқызылды. Қазіргі уақытта микроқар-

жылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттеу және бақылау «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдары мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» заңның ережелерінде ұйымдардың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғау үшін белгіленетін пруденциялық нормативтердің толық тізбесі айқындалған. Ұйымдардың қызметін бақылауды күшейту және жедел ықпал ету мақсатында микроқаржы ұйымдарының қызметін қашықтан қадағалау нысанын жүргізу және микроқаржы нарығының субъектілеріне қатысты қосымша пруденциялық нормативтерді белгілеу жөніндегі уәкілетті органның құзыретін басқа қаржы ұйымдарын реттеуге ұқсас толықтыру ұсынылады», делінген агенттік ұсынысында.

«Созақ үні» - ақпарат.

ЖЫЛУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖҮРІП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАРМЕН ТАНЫСТЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Таукент кентіне арнайы барып, «Шолаққорғансу» КММ мекемесіне қарасты орталықтандырылған жылу қазандықтарында жүріп жатқан ағымдағы жөндеу жұмыстарының барысын көрді.

Онда «Standard A» ЖШС тарапынан жылу жүйесіне жүргізілген техникалық тексеру жұмыстары кезінде анықталған осал тұстарын қалпына келтіру шаралары атқарылуда. Бүгінде сұйық отынмен жанатын жылу қазандығының жұмысы толық аяқталып, қатты отынмен жанатын қазандықтардың жөндеу жұмыстары жүруде. Жақын күндері сығымдау жұмыстары басталады екен.

Аудан басшысы аралау



барысында жауапты сала мамандарына алдағы жылыту маусымына жан-жақты дайын болуды тапсырды. «Кент округтердегі орталықтандырылған жылу қазандықтарына қажетті жабдықтар толықтай

әкелінді. Енді тек қана жұмысты үйлестіріп, тұрақты әрі сапалы түрде атқару керек. Басты мәселе халықты маусымында сапалы жылумен қамту,- деп бұл мәселеге салғырттықпен қарамауды қатаң ескертті.

БІЛІМ ОШАҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫН АРАЛАДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков және Түркістан облысы құрылыс басқарма басшысының орынбасары Тәжібай Егетәев Ыбырай елді мекеніндегі жаңадан салынып жатқан 200 орындық Құрманғазы атындағы жалпы орта мектебінің құрылыс сапасымен танысты.

Онда мердігер мекеменің басшысы және жауапты сала мамандары болды.

Аудан басшысы жұмыс барысындағы бірқатар кемшіліктерге тоқталып, мердігер мекеме басшысына атқарылып жатқан жұмыстар өндірістік кестеден кешігіп, баяу жүріп жатқандығын айтты. Алдағы



апта ішінде жұмысшы азаматтардың санын арттырып, орын алып жатқан кемшіліктер қалпына келтірілмеген жағдайда мердігер мекеменің мәселесі қаралатынын қатаң ес-

кертті. Аудан басшысы жұмысты барынша ширатып, сапасын бақылауда ұстау үшін жауапты сала мамандарына нақты тапсырмалар жүктеді.

СОЗАҚ АУЫЛЫНАН «ТАЛАПТЫ» САЛТАНАТ САРАЙЫ АШЫЛДЫ



Созақ ауылынан ауыл тұрғындарының үлкен қуанышына айналған «Талапты» салтанат сарайы ашылды. Тойлар мен түрлі мерейлі қуаныштарға арналған зәулім кешенді Созақ ауылының тумасы Махашов Қойшыбай мен ұлдары бірлесіп өз қаражатына тұрғызып отыр. Шараға жиналған ауыл тұрғындары мен қонақтарға арналып, онда арнайы ас беріліп, құран бағышталды.

Жаңадан салынған әсем де сәнді салтанат сарайының ашылуына қатысқан аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ауыл тұрғындарын жаңа ғимараттың ашылуымен құттықтап, ізгі тілегін арнады.

«Соңғы жылдары ауданымызда кәсіпкерлік нысандардың саны артып келеді. Еңселі, сәнді, жаңа үлгідегі

нысандар салынып, зәулім мешіттер тұрғызылып, ел игілігіне берілуде. Бұл нысан тек Созақ ауылына ғана емес, жалпы аудан тұрғындарына қызмет көрсетері анық. Туған жердің кешенді дамуына айрықша үлес қосып, ауыл халқының қуанышын еселеп отырған барша азаматтарға аудан тұрғындары атынан алғысымды білдіремін,- деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы игі іске арқау болған Махашов Хамардинге «Созақ ауданының Құрметті азаматы» атағын табыстап, құрмет көрсетті.

Айта кетейік, бұл атақ Хамардин Қойшыбайұлына аудандық мәслихаттың өткен жылғы шешімімен берілген болатын. Аталған уақытта өзге өңірде болуына байланысты бүгінгі шарада табыс-

талды. Сонымен қатар, Түркістан облысының Құрметті азаматы Сексенбай Тұрысбеков бастаған көптеген ел ағалары ақ тілек пен баталарын арнады. Заманау үлгіде салынған тойхана іші заман талаптарына сай жабдықталып, санитарлық талаптардың барлығы толықтай сақталған. Үйлену тойы, мерейтойлар мен айтулы шараларды өткізуге арналған үлкен және кіші залы бар. Бір мезетте 600 ге тарта адамға қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Жаңа нысан әсем безендіріліп, соңғы үлгідегі жабдықтармен қамтылған. Сыртын қоршаған сәнді темір шарбақтардың өзі жаңа құрылыстың шырайын аша түскен.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Ұласбек Сәдібеков Созақ ауылындағы «Ақхыйқ» және «Қостөбе» каналдарының арнасын қосып, тоған салу мәселесінің шешу жолдарын қарастыру үшін ауданға арнайы жұмыс сапарымен

мен мәслихат депутаты, жауапты сала мамандары және бірқатар ауыл ақсақалдары мен шаруалар болды.

Онда аталған мәселенің шешу жолдарын жан-жақты талқылады. Шаруалар мен ауыл ақсақалдарының ұсы-

ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТЫ АУДАНҒА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ



келді.

Осы ретте, аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков бастаған бірқатар жұмысшы топ Созақ ауылдық округіне барып, тау бөктеріндегі тоған салуға қолайлы орынмен танысты. Жұмысшы топ құрамында облыстық мәслихат депутаты Бегімбет Байғараев, «Аманат» партиясының аудандық филиалы төрағасы Ернар Сағындық, Созақ ауылдық округі әкімі

ныс-пікірлерін тыңдап, ашық әңгімелесті. Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы бұл жөнінде жауапты мамандарға осы сәттен бастап қажетті шараларды қолға алу керектігін айтып, бірқатар тапсырмалар жүктенді. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ұласбек Сәдібеков ондағы мәселемен мұқият танысып, тиісті министрліктерге жеткізетіндігін айтты.

ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА ӨТТІ



Аудан орталығындағы «Мыңжылқы» мәдениет сарайында «Құлыншақ Кемелұлы атындағы шығармашылық-кәсіптік бірлестік» қоғамдық бірлестігінің құрылғанына 30 жыл толуына арналған салтанатты шара өтті.

Жиынды аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков құттықтау сөзбен ашып, «Құлыншақ Кемелұлы атындағы шығармашылық-кәсіптік бірлестік» қоғамдық бірлестігінің 30 жылдығына орай бірлестік төрағасы Мыңжасар Асқарұлына арнайы құттықтау хат пен сый-сияпат табыстады. Сонымен қатар, бірқатар қаламгерлерге Құлыншақ Кемелұлы атындағы сыйлықтың иегері төс белгісін табыс етіп, аудан әкімінің алғыс хатымен марапаттады.

Дәстүрлі әнші, талай шәкірт баптаған талантты ұстаз Кенжебай Шал әсем әнмен мерекелік құттықтауын тарту етті. ҚР Мәдениет қайраткері, ақын, «Құлыншақ Кемелұлы атындағы шығармашылық-кәсіптік бірлестік» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мыңжасар Асқарұлы хабарлама жасап, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап құрылған бірлестіктің бүгінге дейінгі атқарған жұмыстарына тоқталып өтті.

Тағылымды шара жазба ақындар жыр мүшәйрасына ұласып, мұшайраға жалынды жырларымен келген ақындар өзара сынға түсті.

«Созақ үні»-ақпарат.

Басшылардың көшбасшылық рөлі - қауіпсіз өндірістің кепілі

Астанада «Самұрық-Қазына» АҚ-ның өндірістік қауіпсіздік бойынша «Еңбектің қауіпсіз және салауатты болашағы» атты II жыл сайынғы форумы өтті. Іс-шараға мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдардың өкілдері, «Самұрық-Қазына» АҚ тобының портфельдік компанияларының топ-менеджерлері және тәуелсіз сарапшылар қатысты. Форум қонақтары мен спикерлері өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау саласындағы мәселелерді талқылады.

«Қор жыл сайын жазатайым оқиғалардың алдын алу және қызметкерлердің санитарлық-тұрмыстық еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға қомақты қаражат бөледі. 2022 жылы бұл мақсаттарға 126 млрд теңге жұмсалды, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 26% - ға артық. Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру уақыт пен күш - жігерді қажет ететін ұзақ мерзімді процесс екенін түсінеміз. Біз қоғам алдындағы ашықтығымыз



бен жариялылығымызды ұдайы арттыра отырып, өндірістік қауіпсіздік саласындағы озық тәжірибелерді одан әрі жетілдіруге және енгізуге ниеттіміз. Біздің ортақ мақсатымыз – қызметкерлеріміздің отбасыларына олардың жақындары әрқашан жұмыстан аман-есен оралады деген кепілдіктерді қамтамасыз ету», - деді «Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесінің төрағасы Болат Жәмішев. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов іс-шара қатысушыларына жолдаған өзінің құттықтау сөзінде Форум

лық портфельдік компаниялардың ортақ күш-жігерін біріктіру үшін ұйымдастырылғанын ерекше атап өтті. «Самұрық-Қазына» АҚ өндірістік қауіпсіздік жөніндегі 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекітті, онда 3 бағыт бойынша іс-шаралар бар: адамдар және қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру, технологиялық жабдықты пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың алдын алу.

Қазақстандағы ірі жұмыс берушілердің бірі ретінде ұлттық және халықаралық стандарттар мен талаптарға сәйкес еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесін ұдайы жетілдіріп отырады. Компания тәуекелдерді анықтау, бағалау және азайту арқылы жазатайым оқиғалардың, өндірістік жараттардың алдын алу үшін жүйелі тәсілді қолданады.

«Қазатомөнеркәсіп – «Vision Zero» жаһандық қозғалысына қосылған Қазақстандағы алғашқы ұлттық компания. Бұл бағдарламаға қатысу компанияға аурудың алдын алу мәдениетін жақсартуға және жазатайым оқиғалардың санын азайтуға мүмкіндік берді. «Vision Zero» қозғалысына қосылған сәттен бастап өндірістік қауіпсіздікті жетілдіру, оның ішінде басқарудың барлық деңгейлерінде көшбасшылықты дамыту бойынша үлкен жұмыс атқарылды.

Н.МАЙУСОВА.



Қор тобы қызметкерлерінің әрқайсысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бар-

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ (бұдан әрі – Қазатомөнеркәсіп немесе Компа-

Қоғамдық кеңесте қаралды

Тамыздың 17 күні аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында қоғамдық кеңестің кезекті отырысы болып өтті. Отырысты қоғамдық кеңестің төрағасы Мұрат Сапаров сөз сөйлеп ашты және жиылғандарға бүгін хабарламасы мен есебі тыңдалатын бөлімдер мен мекемелерді атады. Сонымен, алғашқы болып «Қазсушар» РМК-ның Созақ ауданындағы бөлімшесінің басшысы Қанат Қайратұлы мен аудандық СЭҚБ-ның басшысы Хасен Оспанов хабарлама жасады. Кейін, АПБ-ның басшысы Жасұлан Нысанбаев пен аудан әкімдігі ЖКХ бөлімінің басшысы Дәулет Құдайбергеновтың есебі тыңдалды. Жалпы, хабарлама жасаушылар мен есеп берушілердің баяндамасынан соң қоғамдық кеңес мүшелері сауалдар беріп, ұсыныс-пікірлер айтты. Негізінде, есеп беретін



бөлімдердің ішінде аудандық білім бөлімі де болған еді. Басшысының өзі келмегені себепті бұл бөлімнің есебі кейінге шегерілді. Нәтижесінде, «Қазсушар» РМК-ның Созақ ауданындағы бөлімшесінің басшысы Қанат Қайратұлы мен аудандық СЭҚБ-ның басшысы Хасен Оспановтың хабарламалары және АПБ-ның басшысы Жасұлан Нысанбаев пен аудан әкімдігі ЖКХ бөлімінің басшысы Дәулет Құдайбергеновтердің есебі тыңдалып, қарар қабылданды.

Данияр Құл-Ахмедұлы.

Тамыздың 9 күні ауданымыздың орталығы Шолаққорған ауылында, кәсіпкерлік бөлімнің қарсысындағы орталық алаңның автокөлік тұрағында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі болып өтті. Жәрмеңкені аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі ұйымдастырды. Жәрмеңкеге Шолаққорған мен Созақ ауылдарының диқандары келіп, өз өнімдерін сатылымға шығарды. Өтетінінен алдында хабардар болған соң жанымдағы серігім, қоғамдық кеңестің мүшесі, қоғам белсендісі Біржан Саржан екеуіміз ауыл әкімінің ауыл халқымен болған кездесуінен соң бірден осында келдік. Жәрмеңкеге негізінен бақша өнімдерінен қауын-қарбыз, картоп, көкөністен: қияр мен қызанақ және болгар қызылбұрышы және майда малдың еті шығарылыпты. Жалпы, биылғы қозылардың етінің 1 келісін 2000 теңгеден сатып тұрды. Ал қарбыздың келісін 70, ал, қауынның келісін 150 теңгеден деп саудалап тұр екен. Қанша дегенмен, химиялық қоспаларсыз піскен бақша өнімдері ауыл тұрғындары көбінесе картоп, қауын-қарбыз сатып алып жатты. Жәрмеңкеге тек көріп тамшалап, мақала жазу мақсатында ғана бармаған біздер де Созақ ауылынан келген «Болыс ата» ШҚ-ның төрағасы Шәріпжан Рысметовтен картоп, қауын-қарбыз өнімдерін сатып алдық. Шірікін, дәрісіз, дер уақытында піскен ауыл шаруашылығы өніміне не жетсін? Қауын-қарбыздың дәмі тіл үйіреді екен. Жәрмеңкенің ұйымдастырушысы кәсіпкерлік бөлімнің бас маманы

Ақберген Байбабаевтың айтуынша, жәрмеңкеге «Жанболат» ШҚ-ның өнімдері де келуі керек болған екен, бірақ, өкінішке орай қауын-қарбыз артқан жүк көліктері бұзылып, кешеуілдетіп жатыр екен. Дегенмен, бұл шаруа қожалықтың өнімдерінің тұтынушыларға жол тартқанына біраз

Міне, сол денсаулығымыздан айырып қана қоймай, адам өліміне де себеп болуы мүмкін. Нитраттың ауыл шаруашылығы өнімдерінен дозасы көп түрінде шығып жатқаны қоғамымыздың бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселесі боп тұр. Демек, осындай айналымды химиялық дәрілерге

Ауданның ауыл шаруашылығы өнімдері тұтынушыға жол тартты



уақыт болған-тын. Бұл жайлы мен аудандық «Созақ үні» газетінің алдыңғы сандарының бірінде жазып, назарларыңызға ұсынған болатынмын. Сөз соңында айтарым, тағы да газетіміздің мұнан алдыңғы, ... санында «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздейік, ағайын!» деген тақырыпта мақала жазған болатынмын. Сол мақаламда аудандық СЭҚБ-ның мәліметіне сүйеніп, ауыл шаруашылығы өнімдерінің құрамындағы нитраттың шамадан тыс қосылуы, азаматтарымыздың улануына, тіпті, өліміне алып келу қауіпі бар екенін сөз еткен болатынмын.

піскен өнімдер жайлаған өмірде таза, табиғи жолмен піскен өнімдерді өсіру, сату және тұтыну бүгінгі күннің ең өзекті мәселерінің бір боп тұр. Ендеше, ағайын мұнан алдын да өзге кәсіп иелерін үндегенімдей, диқандарымызды да: «Ақша ойламай, ар ойлауға шақырамын. Өйткені, біреудің денсаулығының бұзылуына немесе өліміне себеп боп келген ақша, пайда бізді қай жерге дейін жеткізер дейсің? Сол үшін бірінші кезекке дүниенің байлығын емес, қоғамның саулығын қойып үйренейік, ағайын!

Данияр Құл-Ахмедұлы.

Қазақ халқының рухани дүниесінде күй өнерінің алатын орны ерекше. Күй-қазақ халқының рухани болмысының, мәдениетінің, дүниетанымының тәңірі биік асыл мұрасы. Халық күйлерінің әуендік сипаты, көркемдік образы, философиялық ой тереңдігі, халықтың талғамы мен танымының ерекшелігін көрсетеді.

Үш әлемді байланыстырған «Бәйтерек», одан пайда болған «Домбыра», адам қажетіне жарап, байланысу арқылы тәрбие мен білім көзін ашуға ықпал еткен. Үш әлеммен байланысқан құдірет иесі - домбыра өнері ұлттық идеологияны дамыту үшін де керек. Ұлттық идеологияда домбыра әуенін ұстанбай, ұлттық құндылықтарды сақтап жалғастыру қиын болмақ.

Жерден өскен ағаш адамға пайдасын (жеміс,

білдіретін ең мәнді сөз немесе сөйлем көп ретте күйдің әуендік буын ырғағына ғана әсер етеді. Күйдің логикалық құрылымына сөз ықпал ете алмайды. Сондықтан да, күйдің музыкалық бітімі өзінің

рынан дәм татып, мәдениет сарайының фойесінде аудандық орталық кітапхана ұжымы дайындаған «Бұл Теріскей ежелден күйдің елі...» атты кітап көрмесімен танысты. Одан соң облыстық байқаулардың жүлде-

сыр мен жырға толы Созақ ауданында облыстық жас күйшілеріміздің байқауы өтуде. Күй өнері – қазақ халқының ең құнды, бағалы мұрасының бірі. Созақ сахарасының сайын даласына дейін күмбірлете күй төккен

күйдің шебері Жанғали Жүзбаев, ҚР Еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің иегері, Құрманғазы атындағы Ұлттық академиялық халық аспаптар оркестрінің солисті Құндыз Жаппасқызы, дәстүрлі әнші, Облыстық, Республикалық, Халықаралық байқаулардың лауреаты. А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектеп директорының орынбасары Табиғат Генералқызы, ҚР Мәдениет саласының үздігі, Республикалық, Халықаралық конкурстардың лауреаты, Сүгір атындағы оркестрдің дирижері Шыңғыс Бөріұлы, Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы Асхат Абилов қазылық етті.

Байқауда 16 мен 35 жас аралығындағы 21 жас дәулескер күйшілеріміз екі кезең бойынша өз ара бақ



ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫҚ ӨНЕРІ

жапырақ) береді. Ал домбыра қоңыр әуен арқылы құлаққа еніп, ықпал етеді. Жерден өнген өнімдер адам қорегіне қажет болса, домбырадан шыққан күй - адамның рухани жан азығы. Демек, айналаны қоршап тұрған дыбыс екен, ал оны жағымды әуендерге айналдырып жеткізетін - домбыра аспабы. Егер қоршаған айналаның дыбыстары түгел жойылатын болса, онда адамдардың өмір сүру қабілетіне нұқсан келген болар еді. Мысалы, қазіргі үлкен қалаларда құстардың табиғи сайрауының жоқтығы үлкен ой салады.

Күй - өте көне өнер, оның шығарма ретінде қалыптасуы ұлт емес, ұлыстық дәуірден бастау алады. Ұлыстық дәуір мәдениеті Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы замандарынан сыр тартады. Қазіргі аңыз күйлердің ішінде сол замандардан қалған туындылар мынау еді деп айту мүмкін емес, ал, әдеби мұраларымыз сақталған. Мысал ретінде Томирис туралы епсананы айтуға болады. Одан кейінгі дәуір Түрік қағанаты. Бұл кезеңдегі күйлердің де дерегі жоқ, бұл әдебиетімізде ұлыстық ояну кезеңі деп аталады. Тоныкөк, Білге қаған, Күлтегіндердің тасқа қашап жазған жорық жырлары осы кезең ескерткіштері. Келесі - Алтын Орда дәуірі, бұл кезеңдегі музыкалық мұрамыз - «Ақсақ құлан-Жошы хан» күйінің тараулары.

Күйдің ұлттық дәуірі деп Қазақ хандығы заманын айта аламыз, бұл жыраулық дәстүрдің салтанат құрған кезі, күйдің де ұлттық сипатқа лайық аспаптық шығармаға толық айналып болған кезеңі. Бұл кездегі күйлер - тарихи күйлер қатарына жатады, мұнда хандық мемлекеттің басынан өткерген салтанаты мен қайғысы баяндалады. Асан қайғының күйлері, қазақ пен ноғайдың айырылысын трагедиясына шыққан толғау күйлер, көне жер-су аттарына бағышталған күйлер осы кезеңнің ескерткіштері.

Күй аспапты музыка ретінде сөзге кіріптар емес, өмір тіршілік дерегін

біртұтас әуендік жаратылысымен, бас-аяғының бүтіндігімен тәнті етеді. Қазақ күйлерінің музыкалық тілін түсінетін, семантикасын жори алатын білікті тыңдаушы оның күйкіліктен ада екеніне, қара бастың рахатын күйттемейтініне, тек қана жарық жалған, шексіз дүние аясындағы өмір тіршіліктің ұлы құндылық ретінде терең сезімге бөлейді.

Қорыта айтқанда, күй - ғасырлар бойы қалыптасқан халықтың асыл мұрасы. Оның өміршеңдігінің өлшемі уақыт талғамайтын, кезең, дәуір шаңдағында қалып қоймай, әр заманның рухани тілегіне сәйкес, жоғары интеллектуалдық парасаттылығымен табындырып, өзгеше өрнегімен таразыланады. Күйлер халықтың тарихи тағдырымен тамырлас. Күй өнері - ұрпақ арасындағы сабақтастықтың алтын арқауы ретіндегі уақытаралық қатынастың басты құралы.

Жоғарыда айтып өткеніміздей қазақ халқының мәдени мұрасының бірегейі - күй өнерін бүгінгі жас ұрпақ арасында кеңінен насихаттау, дәстүрлі күй орындау өнерін дамыту және талантты жас күйшілерді анықтау, олардың шығармашылығына қолдау көрсету мақсатында өткен аптада «Мыңжылқы» мәдениет сарайында Түркістан облысының 5 жылдығы мен Созақ ауданының 95 жылдығына арналған «Күй құдіреті» атты облыстық жас күйшілер байқауы өтті. Шара барысында Созақ ауданының мәдениет саласындағы жетістіктері туралы бейне ролик көрсетіліп, кеш шымылдығы Созақ Халық Театры ұжымымен арнайы дайындалған күй өнерінің қыры мен сырын ашатын театрландырылған «Қорқыт» көрінісімен түрілді.

Аталған шара басталмас бұрын ыстық ықылас пен шынайы құрметті сезінген байқауға қатысушы үміткерлер мен қонақтар мәдениет сарайының алдына арнайы тігілген киіз үйлерден қазақтың ұлттық тағамда-



гері «Sozaq dance» би тобы қазақша би билеп, Республикалық, Халықаралық байқаулардың лауреаты, әнші М.Бейсенова Созақтың Әнұранына айналған Ш.Қалдаяқовтың «Теріскейін» жанды дауыста тамылжыта шырқады.

Тағылымды шараға арнайы қатысқан Облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығының директоры Аликбаров Мейіржан мен аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов аудан халқына деген ізгі тілектерін арнады. Байқауға қатысып, бақтарын сынағалы келген жас күйшілерімізге сәттілік тіледі.

Аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов өз сөзінде - Тарихы сонау көне ғасырдан сыр шертіп, алуан мәдениет пен руханияттың нәрлі ошағына айналған,

Ықылас Дүкенұлы, Сүгір Әліұлы, берідегі Жаппас Қаламбаев, Төлеген Момбеков, Генерал Асқаров, Файзулла Үрмізов, Ергентай Борсабаев сынды әйгілі күйшілеріміз қазақ сахнасында алуан мәдениет пен руханияттың өшпес ізін қалдырды. Облыс көлемінде өтіп жатқан осындай игі бастамалар арқылы ұлттық дәстүріміз бен рухани құндылығымызды нығайтып, ұлы күйшілердің артына қалған мұраларын қайта жаңғыртуда мол табыстарға жететініміз сөзсіз. Тәуелсіз еліміздің тәңірі мәңгілік болып, бірлігіміз арта берсін, - деп ұйымдастырылған шараның маңыздылығына тоқталып өтті.

Байқауға Қазақ Ұлттық өнер университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Арқа», «Қаратау» күйлерін насихаттаушы, шертпе

сынасты. Бірінші кезеңде Созақ ауданынан шыққан күйшілердің шығармаларын орындап, екінші кезеңде еркін тақырыпта өздерінің қалаған күйлері бойынша өз өнерлерін ортаға салды. Облысымыздың түкпір-түкпірінен келген жас күйшілеріміз күмбірлете күй орындап, жиналған қонақтар шараны көтеріңкі көңіл-күйде тамашалады.

Үміткерлердің өнерін бағалау кезінде төрешілер орындаушылық шеберлігіне, шығарманың күрделілігіне, сахна мәдениеті мен ұлттық киіміне баса назар аударды. Байқау қорытындысы бойынша бас жүлдені Асқарова Назерке (Созақ ауданы), жүлделі I – орынды Тұрлыбай Нұрлыбек (Ордабасы ауданы), жүлделі II – орынды Нұржанбаева Алима (Созақ ауданы) мен Сұлтан Дінмұханбет (Мақтарал ауданы) иеленсе, жүлделі III – орынға Сәтім Ернар (Арыс қаласы) мен Ермұратов Мұхамеджан (Отырар ауданы) табан тіреді.

Қалған қатысушыларға «Сүгір Әліұлы», «Жаппас Қаламбаев», «Төлеген Момбеков», «Генерал Асқаров» және Созақ ауданының әкімі мен Түркістан облыстық мәдениет және туризм басқармасының арнайы жүлделері табысталды.

Сондай-ақ, аудан әкімінің орынбасары Қ.Оразов «Күй құдіреті» облыстық жас күйшілер байқауына төрелік еткен қазылар алқасын аудан әкімінің арнайы Алғыс хатымен марапаттады. Аталған байқау өте жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушыларға барлық жағдай жасалғандығын қазылар алқасы мен жас күйшілеріміз тілге тиек етіп, ұйымдастыру алқасына өз алғыстарын жеткізді.

Бабалар мұрасын дәріптеп, дәуірдің үнін домбырамен жеткізіп жүрген жас өнерпаздарға алдағы уақытта да сәттілік тілейміз.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

Жастар – мемлекеттің тұрақты дамуының негізі

Жастар – кез келген қоғамның болашағы мен қозғаушы күші. Бұл оймен дауласудың өзі артық. Мемлекеттің тұрақты дамуының негізі – бәсекеге қабілетті жастар буыны, ал бұл тікелей жас қазақстандықтардың білім мен білік сапасына, олардың ұмтылысы мен ынтасына байланысты. Сондықтан да мемлекеттік саясаттың негізгі бағытының бірі – жастар секторы. Жастар секторына Қазақстанда айрықша назар аударылады.

Қазақстанда жастар жалпы халықтың 30 пайызын құрайды. Жастар саясатына берілген анықтама – мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі қызметінің аясы. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының жастар саясаты әлеуметтік саясаттың аса жас бағыты болып отыр. Мәселен, «Қазақстан Республикасының Жастар саясаты туралы концепциясы» 1999 жылы 28 тамызда қабылданған, оның мағынасын кең түрде ашатын, тұжырымдамалық әдістік негізге сүйенетін 2004 жылы 7 шілдедегі «Жастар саясаты туралы заң» бар.

Созақ ауданында облыста бірінші болып ашылған «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне ағымдағы жылы 12 жыл толып отыр. Бұл мекеме – аудан жастарының патриотизмін көтеруге және қоғамдық жұмыстарға белсене араласуына, талантты жастарды қолдау мақсатында көптеген жұмыстар атқарып келеді. Аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-сі 2011 жылдың 1 шілде күні сол кездегі облыс әкімінің тікелей тапсырмасымен ашылған болатын. Ал, 2001 жылдан бастап ауданымызда 16 тамыз – Созақ



тапсырмасымен ашылған болатын.

Мемлекеттік жастар саясатын жергілікті жерде жүзеге асыру бойынша халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық деңгейде мәдени, спорттық, саяси іс-шаралармен қатар жастарға арналған мемлекеттік бағдарламаларды кеңінен насихаттау жұмыстары және басқа да көптеген іс-шараларды жоғары деңгейде өткізіп келеді. Сол арқылы аудан жастары әр сала бойынша жетістікке жетіп, биіктерді бағындыруда.

«Жастар ресурстық орталығы» КММ-де «NEET санатындағы жастарға қызмет көрсету» бөлімімен «Талдау және зерттеу» бөлімі, психолог, теолог, заңгер, БАҚ бөлімі мен ауыл округ, кент мамандары жұмыс жасауда.

2021 жылы аудандық бюджет есебінен «Жастар ресурстық орталығы» КММ ғимараты салынып аудан жастарының игілігіне пайдалануға беріліп, сол уақыттағы облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев мырза келіп ашылу салтанатында жаңа ғимараттың лентасын киген. «Жастар ресурстық орталығы» КММ ғимараты жаны-

халқының 33,5 % құрайды. Ауданда 35 мектеп бар, 7-11 сынып оқушыларының саны – 6352 құрайды. ОАОО студенттер саны – 406 болса. Шет елде оқитындар саны 6 жас. Шетелде оқитын студенттердің барлығы өз есебінен оқуға түскен жастар.

Мемлекеттік жастар саясатын жергілікті жерлерде жүзеге асыру мен аудан жастарының қоғамдағы белсенділігін арттыру бойынша жылдың басында жоспар бекітіліп, сол жоспарға сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылады.

Атап айтар болсақ, жыл басындағы ызғарлы қаңтардағы қалың жауған қар құрсауында қалған жалғыз басты қарттардың үйінің айналасын қардан тазартудан басталды. Қаңтардың аяғында «Жастар ресурстық орталығы» КММ ұйымдастырумен жас кәсіпкердің қолдауымен Т.Әлімқұлов атындағы лицей интернаттың жатып оқитын 30 оқушысымен қызықты әрі сауабы мол бір күні өтті. Жастармен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықпен нашақорлықтың алдын алу мақсатында волейболдан ауыспалы кубог түрінде жарыс ұйымдастырылып келеді. Өз өзіне қол жұмсау ерте жүктілік және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Таукент кентіндегі мектептердің жоғары сынып оқушылары арасында «Жақсы көңіл күй жан шуағы» атты кездесу өтті. «Жүйрік аттың бәйгесі көптікі» тақырыбында Қыземшек кентінде жастар арасында көкпар ұлттық ат спорт ойны өткізілді. 15 ақпан Кеңес әскерлерінің ауғаныстан жерінен шығарылған күніне орай «Ер-елінің қорғаны» тақырыбында ауған соғысы ардагерлерімен кездесу кеші өткізілді. Аудандық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастырумен КИБЕР СПОРТ түрінен сайыс өтті. 1 наурыз алғыс айту күніне орай «Бәрі де алғыс үшін» тақырыбында әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға киімдер мен тұрмыстық жабдықтар таратылды. 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Әйел – ошақтың ұйытқысы, алтын бесіктің иесі, қоғамның тірегі» атты үйде отырған қыз – келіншектермен, Созақ сәулет мекемесі қызметкерлерімен еркін форматта кездесу өткізілді. «Ана өмір шуағы» атты зейнет жасындағы және жалғыз басты қарт аналарды мерекелендіретін құттықталды. 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне

орай жас босанған аналарды орталық ауруханаға құттықтап барды. 22 наурыз мерекесіне орай «SOZAQ MARATHON» тақырыбында жүгіруден марафон ұйымдастырылып Қаратау ауылдық округінде жоғары деңгейде өткізілді. Сонымен қатар, Ұлы Отан соғысының 78 жылдығы мен Созақ ауданына 95 жыл толуына орай 9 - шы рет дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан Созақ ауданы әкімінің жүлдесі үшін жасөспірімдер арасында бокстан Халықаралық жарыс болып өтті. Маусым айында АUYL GAMES ұмыт болып бара жатқан ұлттық дәстүрлеріміз бен ұлттық ойындардан аудандық сайыс ұйымдастырылды. «Спорт бізді біріктіреді» тақырыбында жастар лигасы бастау алған болатын. (футбол, волейбол, баскетбол, теннис). 4 маусым – Рәміздер күніне орай «Рәміздерім мақтанышым» тақырыбында автошеру, халық арасында викториналық сұрақтар қойы-

тапқырлыққа тәрбиелеп, бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін жобаларды әр кез назардан тыс қалдырмаймыз. Ауданымызда бұл бағыт бойынша түрлі шаралар қолға алынып, тиісті жұмыстар атқарылуда. С.Қожанов атындағы ескі музей ғимаратын күрделі жөндеуден өткіздік. Жақын уақытта балалар шығармашылық үйіне арналып, пайдалануға беріледі. Құны 2 млрд. тан асатын заманауи үлгідегі спорт нысанының құрылысы басталды. Бұдан бөлек, аудан орталығындағы Ақшал Мұқанов көшесінде орналасқан ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп, компьютерлік және түрлі шығармашылық орталықтар ашу жоспарлануда, деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы ауданда өз саласы бойынша жоғары дәрежеде қызмет еткен бірқатар жастарды алғыс хат пен марапаттап, сый-сияпат табыс



лып, челлендж ұйымдастырылды. 13-17 тамыз аралығында ауыл округ, кенттерде 16 тамыз жастар күнін лайықты атап өту мақсатында «Ауыл кеші көңілді» атты мерекелік шара ұйымдастырылды.

Өткен аптада аталған мерекенің «Жастар күні» кең көлемде аталып өтілді. Аудан орталығы Шолаққорған ауылындағы «Достар» стадионында гала-концерт ұйымдастырылды. Мерекелік кеште аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан жастарын айтулы мерекелендіретін құттықтап, жылы лебізін білдірді.

«Жастар қоғамның қозғаушы күші. Ертеңгі елдің бек тірегі, болашақтың бастауы, еліміздің бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторы. Ел болашағы жастарымыздың білімдері мен күш-жігерлеріне, патриоттық сезімдеріне тікелей байланысты. Елімізде мемлекет тарапынан жастар саясатын жүзеге асырып, еңбекке, кәсіпкерлікке, білім мен ғылымға бейім жас азаматтарымызды қолдау мақсатында жүріп жатқан бағдарламалар мүмкіндіктеріңізді толық жүзеге асыру үшін жасалып отыр. Жас ұрпақ тәрбиесі қай заманда болмасын уақыт сәресінен түскен емес. Бүгінде аудан жастарын жеке тұлға етіп қалыптастырып, болашаққа деген сенімін нығайту, ізгілікке, еңбекқорлыққа,

етті.

Сонымен қатар, аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Жәмиев аудан жастарына ізгі тілегін арнап, мәслихат аппараты атынан белсенді жастарға алғыс хат табыс етіп, құрмет көрсетті.

Түркістан облыстық қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ басшысының орынбасары Пердебек Есқұлов аудан жастарын мерекелендіретін құттықтап, «Аманат» партиясы жанындағы Жастар Рухы жастар қанатының төрағасы Ербол Ержігітов бірқатар аудан жастарына «Аманат» партиясының аудандық филиалы төрағасының алғыс хатын табыстады.

Аудан жастарының мерекелік кешінде аудандық «Созақ триосы» бастаған жас өнерпаздар мен «Созақ-Бай» жайдарман тобы, танымал тележұлдыздар ҚожаАхмет – Нұрбол, Бағдат – Бақдәулет, Дәке, Қайрат Түнтеков, Думан Марат өз өнерлерін ортаға салып, аудан жастары мен жиналған қонақтарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Мерекелік гала-концертті тамашалауға жиналған жұртшылықтың қарасы артып, би билеп, мерекелік шараны шат-шадыман күйде тамашалады.

Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.



ауданының жастары күні мерекесі болып тойлана бастады. Тамыз айының екінші жексенбісінде тойланатын бұл мерекені аудан жастары асыға күтеді. Жылдан-жылға тың идеялармен толығып, түрлі шаралар өткізілетін бұл мерекенің аудан жастары үшін маңызы зор.

Аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-сі 2011жылдың 1 шілде күні сол кездегі облыс әкімінің тікелей

нан жастардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында «STREET WORKOUT» алаңшасы салынып, «СЫРЛЫ СОЗАҚ» жарық тақтайшасы жасалынған болатын. Орталықтың жанындағы «Ту тұғыры» саябағы да мекеменің меншігінде.

Ауданы бойынша 14-35 жас аралығындағы жастар саны – 21147-і құрап отыр. Оның ішінде ер бала – 11350 болса, қыз бала -9797. Бұл аудан

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Құрметті Созақ ауданының тұрғындары!
Оқушылар мен жастар арасындағы
«Бақытты болашақ үшін: ашық қоғам,
парасатты азамат, адал ұрпақ» суретбайқауы
жарияланғанын хабарлаймыз

«Бақытты болашақ үшін: ашық қоғам,
парасатты азамат, адал ұрпақ»
конкурсін өткізу
ЕРЕЖЕСІ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Конкурс атауы: «Бақытты болашақ үшін:
ашық қоғам, парасатты азамат, адал ұрпақ» сурет
байқауы.

Аумақтық қамту: Созақ ауданы.
«Бақытты болашақ үшін: ашық қоғам,
парасатты азамат, адал ұрпақ» сурет байқауы
(әрі қарай - байқау) 9 Желтоқсан – Халықаралық
сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні аясында
өткізіледі.

МАҚСАТЫ

Байқау мақсаты – Созақ ауданы
тұрғындарының бойында сыбайлас
жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру.

Байқау мақсаттары:
Созақ ауданы тұрғындарының бойында
сыбайлас жемқорлыққа қарсы «нәлдік төзімділік»
ұстанымын қалыптастыру;

Созақ ауданы тұрғындарының сыбайлас
жемқорлыққа қарсы мәдениетін көтеру;
Халық арасында әдеп, парасаттылық, адалдық
құндылықтарын насихаттау;
Жас ұрпақтың шығармашылығын қолдаумен
дамыту.

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

Байқау ұйымдастырушысы –
Созақ ауданы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімі
(Ұйымдастыру комитеті).

Байқаудың барлық кезеңдерін ұйымдастырудың
жалпы басшылығын Ұйымдастыру комитеті
атқарады, ол:

Байқауды жариялайды, байқауды
ақпараттандыру мақсатында БАҚ тартады;
Өтінімдермен байқау жұмыстарын қабылдайды
және тіркейді;

Жұмыстарды байқау талаптарына сәйкестігін
тексереді;

Қатысушыларға қажетті консультациялық-
әдістемелік көмек көрсетеді;

Ең қызықты жұмыстарды байқауға қатысумен
марапаттауға ұсынады;

Байқау жұмысына қатысуға кәсіби қазылар
алқасын шақырады;

Таңдалған қазылар алқасы мүшелерімен
бірлесе жұмыстарды таңдауды ұйымдастырады,
байқау финалистерін жеңіске жеткендерін
уақытылы хабардар етеді;

Байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімін
ұйымдастырып, өткізеді;

Құжаттар мұрағатын (өтінімдер, қазыларалқасы
хаттамалары, қарау бағдарламалары және т.б.),
көркемдік жұмыстарды (авторлық жұмыстардың
көшірмелерін және т.б.) және басқа да
материалдарды сақтайды.

Байқау жұмыстарын жинау кезеңі
аяқталғаннан кейін, суреттер Байқаудың қазылар
алқасы мүшелеріне табысталады. Оның
құрамына кәсіби суретшілер (қазылар алқасының
басым бөлігін құрауы тиіс), БАҚ және үкіметтік
емес ұйымдар өкілдері кіреді.

Байқауды ұйымдастыру мен өткізу
бойынша жалпы шығындарды
ұйымдастырушылар өздері көтереді.

Аудандық БАҚ өткізілетін байқау мен
оның жұмыс нәтижелері туралы мәліметтерді
таратуға ықпалын тигізеді.

СУРЕТ БАЙҚАУЫНЫҢ ӨТУ МЕРЗІМДЕРІ
МЕН ГЕОГРАФИЯСЫ

Байқауға Созақ ауданының мектеп оқушылары
және 35 жасқа дейінгі жастары қатыса алады.

Байқаудың мерзімі: 2023 жылдың 1
қыркүйегінен 30 қарашасына дейін.

Ұйымдастыру комитеті атына аталған мерзімнен
кейін түскен жұмыстар байқауға
қатыстырылмайды.

ӨТКІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ

Байқау 3 кезеңде өтеді:
1 кезең: 2023 жылдың 1 қыркүйегінде – өтінімдер
мен байқау жұмыстарын жинауды бастау.
Қатысушылар толтырылған өтінімді (№1
Қосымшаны қара) және байқау жұмыстарын 2023
жылдың 30 қарашасына дейін келесі мекен-жай

бойынша ұсынады: Түркістан облысы, Созақ
ауданы, Шолаққорған ауылы, Сұлтанбек Қожанов
көшесі, №68 ғимарат.

2 кезең: 2023 жылдың 1-5 желтоқсан
аралығында – қазылар алқасы отырысы, байқау
нәтижелерін шығару.

3 кезең: 2023 жылдың 9
желтоқсаны – жеңімпаздарды марапаттау.

ҚАТЫСУДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ШАРТТАРЫ

Байқауға қатысуға келесі байқау тақырыбына
сәйкес келетін жұмыстар қабылданады:

«Бақытты болашақ үшін: ашық қоғам,
парасатты азамат, адал ұрпақ» тақырыбына
көркем жұмыс.

Адалдық, әділдік, парасаттылық, ашықтық
мазмұнында салынған суреттер қабылданады
(көркем сурет, графика).

Байқауға оқушылар мен жастар шақырылады:
7-35 жас.

Байқау қатысушылары арасында жеке авторлар
болуы мүмкін, яғни байқауға қатысу – жеке – әр
жұмыстың авторы тек бір қатысушы болуы
мүмкін;

Байқау қатысушысы Ұйымдастыру комитетіне
қатысуға формаға сәйкес өтінім ұсынады (№ 1
Қосымша) және оған байқау материалдарын
тіркейді (қатысушы барлық жұмыстарын
Ұйымдастыру комитетіне өз есебінен жолдайды);

Автор өзі ұсынған әр жұмысына авторлық құқық
иесі болу қажет;

Жұмыс авторлары байқаудың Ұйымдастыру
комитетіне, материалдарды коммерциялық емес
мақсаттарда пайдалануды білдіретін эксклюзивтік
авторлық құқықтарын емес, жеке өзінің авторлық
құқықтарын ұсынады. Байқауға ұсынылған
жұмыстарды көпшілікке көрсету, автордың аты-
жөні міндетті түрде көрсетілуімен іске асырылады;
Қатысушыларға ұсынылған жұмыстар
қайтарылмайды;

Байқауға ұсынылған жұмыстар
редакцияланбайды;

Бұрын басқа байқауларға қатысқан жұмыстарға
жол берілмейді және олар авторлық немесе
басқа құқықтар бұзылмау мақсатында,
қарастырылмайды. Аталған шарт сақталмаған
жағдайда, жауапкершілікті байқау қатысушысы
көтереді;

Байқау ұйымдастырушылары жұмыстарды,
автордың аты-жөнін көрсетіп, БАҚ-та, әлеуметтік
желелерде басқада коммуникациялық және
ақпараттық материалдарда пайдалану құқығын
өздеріне қалдырады.

БАЙҚАУ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН
ТАЛАПТАР

Байқауға қатысу үшін, байқау өткізілгенге дейін
1 жылдан бұрын емес жасалған жұмыстар
қабылданады.

Көркем суреттерге (суреттерге) қойылатын
техникалық талаптар:

Сурет А3 форматында болуы тиіс.

Сурет салудың кез-келген техникасы
қабылданады (қарындаш, гуашь, акварель,
пастель, майланған және акрилденген бояулар
және т.б.).

Суретке автордың аты-жөні мен жұмыс атауы
көрсетілген этикетка тіркелуі тиіс.

Сурет арнайы рамкаға салып өткізіледі.

Аталған талаптарға сәйкес келмейтін жұмыстар
байқауға қатысуға қабылданбайды.

Суреттерді байқауға жеткізу 2023 жылдың 30
қарашасына дейін өздігіне іске
асырылады – қатысушылардың кураторлары /ата-
анасы.

ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ ЖӘНЕ
МАРАПАТТАУ

Жеңімпаздарды қазылар алқасының мүшелері
осы Ереженің №2 Қосымшасына сәйкес
анықтайды.

Байқау нәтижелерін Ұйымдастыру комитеті 2023
жылдың 9 желтоқсанынан қалдырмай
жариялайды.

Жүлделі орындарға ие болған қатысушылар,
Байқау ұйымдастырушылар атынан
дипломдармен және құнды жүлделермен
марапатталады.

Жеңімпаздарды марапаттау 2023 жылдың 9
желтоқсанында іске асырылады. Жүлделер
поштамен жолданады немесе байқау нәтижелері
бойынша ұйымдастырылған кездесу барысында
жеңімпаздарға табысталады.

Марапаттау рәсіміне қатысу мүмкіндігі болмаған
жеңімпаздарға, дипломдар мен арнайы жүлделер
пошта арқылы келесі 3 апта ішінде жолданады
немесе ұйымдастырушылармен жеке кездесу
барысында табысталады.

Байқаудың жеңімпаздары Байқау жүлделерімен
басқа сыйларды өздерінің шығармашылығын
жарнама ету немесе көпшілікке танымал болу

мақсатында пайдалану құқығы бар.

ЖЕҢІМПАЗДАРҒА АРНАЛҒАН ЖҮЛДЕЛЕР

1 орын – 70 000 теңге;
2 орын – 50 000 теңге;
3 орын – 30 000 теңге;
Ынталандыру сыйлығы (3-еу) – 20 000 теңге.

Байқау жеңімпаздары дипломдарға ие болады.

Байқау ұйымдастырушыларының байланыс
дережелері:

Созақ ауданы әкімдігінің Ішкі саясат бөлімі.
Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған
ауылы, Сұлтанбек Қожанов көшесі, №68 ғимарат.

Байланысушы тұлға:
Жандос Нарқозыұлы – Созақ ауданы әкімдігінің
Ішкі саясат бөлімінің бас маманы, тел.: +7701 425
9005, email: zh.narkozyuly@ontustik.gov.kz

«Бақытты болашақ үшін: ашық қоғам,
парасатты азамат, адал ұрпақ» байқауын
өткізуге туралы Ережеге №2 Қосымша

«Бақытты болашақ үшін: ашық қоғам, парасатты азамат, адал ұрпақ»
Суретбайқауына қатысуға ӨТІНІМ
(*өтінімді байқауға қатысушы толтырады)

1.	Ауылдық округ, кент атауы	
2.	Мектептің толық атауы	
3.	Байқауға қатысушының аты-жөні	
4.	Байқауға қатысушының туған кезі, жасы, сыныбы	
5.	Қатысушының телефон нөмірі	
6.	Өтінім ұсыну күні	
7.	Куратордың /ата-ананың аты-жөні	
8.	Куратордың /ата- ананың телефон нөмірі	
9.	Куратордың /ата-ананың электрондық пошталық (ісшараның өту мерзіміне байқау туралы ақпаратты жіберу үшін, поштаның бір адресі көрсетіледі)	
10.	Жеке мәліметтердің деуге, соның енқатар, жұмыстарымды байқау кезінде және байқаудан кейін пайда лануға келісімімді беремін.	ата-ананың қолы

Өтінімді толтыру күні
Байқауға қатысушысының ата-анасы (қолы) (аты-жөні)

«Бақытты болашақ үшін: ашық қоғам,
парасатты азамат, адал ұрпақ» байқауын
өткізуге туралы Ережеге №2 Қосымша

Байқаудың сарапшылық парағы

Байқау материалдарының атауы:

Қазыларалқасы мүшесінің /сарапшының аты-жөні:

Сарапшының байқау материалдарына берген бағасы
(байқау қатысушысының аты-жөні, бағасы):

Ұсынылған шкала өлшеміне сәйкес, кестедегі тиісті ұяшықты кез
келген белгімен белгілеп, байқау материалдарына баға беріңіз, осылайша, 0 –
байқау материалдарындағы өлшемінің ең төменгі белгісі, ал 5 –
өлшемінің жоғары белгісі:

Байқау өлшемі	0	1	2	3	4	5
Тақырыпқа сәйкестігі						
Ұсынылған идеяның шығармашылық ойы, жаңа лығы, төлдералығы						
Орындау техникасындағы шеберлік Композиция мен түсінішім						
Ерекшелігі: стандарттан тыс техниканы, әдіс пен құралдарды қолдану						
Өтінімнің эстетикалықлығы						
Ескертпелер, комментарийлер:						

Толтыру күні, қолы

Тылсым табиғат-тыныштық бесігі

Бүгінгі таңда ақпарат көздерінде «анда өрт шықты, мұнда өрт шықты» деген жағымсыз жаңалықтар жан түршіктіреді. Сол апаттардың ішінде өрттің алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты орман қорықшылары тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында жиналыс өткізілді. Ол жиында ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тұқылы

тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тыйым салынатындығы жайлы ескертулердің түсіндірілгенін айтты. Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер туралы да жиналыс барысында кеңінен айтылыпты. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер берілгенін атап өткеніміз орынды болар.

Жандос КЕМБИЛОВ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің орманшысы.

2023 жылғы қаңтар-шілдеге Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы

	2023 жылғы Қаңтар-шілде	2022 жылғы Қаңтар-шілдеге, %-бен
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер		
Халық саны, адам (2023 жылғы 1 шілдеге)	63 289	100,8
Туылғандар, адам	755	92,5
Өлгендер, адам	159	111,2
Иммигранттар саны, мың адам (келгендер)	703	116,0
Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)	1 066	93,2
Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу		
Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам (2023 жылдың II тоқсаны)	18 466	102,7
Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге (2023 жылдың II тоқсаны)	437 468	113,5
Ұлттық экономика		
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	49 351,8	191,1
Сауда		
Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге	2 110 575	100,1
Көтерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге	264 095	100,7
Экономиканың нақты секторы		
Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі, мың теңге	311 973 006	98,3
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге	9 963,1	101,6
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	9 054,2	152,0
Іске қосылған тұрғын үйлер, м ²	13 818	100,1
Қаржы жүйесі		
Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге	333 056,1	111,8
Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге	305 670,2	128,7
Өндірілген өнім көлемі, млн. теңге	117 914,2	105,0

¹ 2023 жылғы қаңтар-маусымдағы деректер

² 2023 жылғы I-тоқсандағы деректер ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша

КӘСІПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ 2023 ЖЫЛҒЫ I ТАМЫЗҒА ТІРКЕЛГЕН ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР

Меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар

	2023 жылғы I тамыздағы
Барлығы	489
мемлекеттік	104
жеке	385
Мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз)	1
Бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуынсыз)	9
шетелдік	-

Созақ АСБ

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛЕР МОНИТОРИНГ

Аудандағы шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілерінің саны 2023 жылдың I тамызға 5173 бірлікті құрады.	
2023 жылғы I тамызға шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны	5173
Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы	3 667
ШОК заңды тұлғалары ¹⁾	298
дара кәсіпкерлер ²⁾	280
Шаруа (шаруа-фермер) қожалықтары	3 601
2022 жылғы I тамызға	2 274
2022 жылғы I тамызға	1 274
2022 жылғы I тамызға	1 113

¹⁾ Жедел деректер.

²⁾ Статистикалық бизнес-тіркелім деректері.

Созақ АСБ

Жарамсыз деп танылсын

Даримбаева Каршыға Рулеловнаның иелігіндегі Таукент кентіндегі 132-ші үй №24 пәтердің техникалық төлқұжаты, шешімі, барлық құжаттары жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет

тықшылықтар беру арқылы параға сатып алу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісқимыл - субектінің өз өкілеттіліктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде

адалдық пен сатылмаушылықтың мінез құлық нормасына айналуы тиіс.

Әрбір Қазақстандық отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бүкіл қоғамның ісі екенін тусыну керек. Сыбайлас жемқорлыққа

Жемқорлықтың жолын кесу – азаматтық парыз

дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру болып табылады.

Пара дегеніміз не? Бұл лауазымды тұлғаның басқа бір тұлғадан лауазымына қатысты көрсететін қандай да бір қызмет түріне берілетін ақша немесе өзге игіліктерді алуы.Сыбайлас жемқорлық - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың және оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өкілеттіліктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаға мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалану, игіліктер мен ар-

қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп тексеру, және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - бұл үшін заңда әкімшілік және қылмыстық жауаптылық белгіленген сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы әрекет не әрекетсіздік. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз қызметі шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік әрбір қазақстан азаматының ұстанымына,

қарсы мәдениетті қалыптастыру ескелең ұрпақтың жұмыс қағидатында маңызды рол атқарады. Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде сезіну және қабылдау қоғамымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендігінің негізі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлық тамыры тереңге бойлаған індет. Қолында билігі бар азаматтар сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл болып, өзгерлерге үлгі болуы тиіс.

Е.МАНАПОВ,
Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бас-тығы, подполковник.

«ДАМУ» қоры кепілдігін алу мүмкіндігі

Бүгінгі күні банктер кәсіпкерлерді қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларына белсенді қатыса бастады. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларының негізгі операторларының бірі болып табылады.

Кәсіпкерлікті қолдаудың таныма бағдарламаларының бірі – «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы», оның аясында «Даму» Қоры кәсіпкерлерге қолдаудың екі түрін ұсынады: субсидиялау және кепілдік беру.

Ұлттық жоба бағдарламасы бойынша кәсіпкерлер мемлекеттік қолдау – субсидиялар арқылы жобалық қаржыландыруды ала алады. Несиенің максималды сомасы және мемлекеттік субсидиялар мөлшері жобаның орналасқан жеріне байланысты.

Несие бойынша пайыздық мөлшерлемені төмендету үшін кәсіпкерлер банкке несие рәсімдеу керек, содан кейін несие мақұлдауын алғаннан кейін «Даму» Қорына өтінішпен жүгінеді.

Кепілзат жетпегенде мемлекеттің кепілдігін алудың негізгі



критерийлері:

«Даму» Қорының кепілдігін іс бастаушы және бизнесі бұрыннан бар кәсіпкерлер мынадай шарттар бойынша ала алады:

Несие сомасы ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін 360 млн теңгеден, бизнесі бұрыннан бар кәсіпкерлер үшін несие сомасы 1 млрд теңгеден аспайды.

Несие қаражаты инвестиция, айналым қаражатын толықтыру немесе қолдағы қарызды қайта қаржыландыруға жұмсалуды тиіс.

Бизнес-жоба экономиканың басымдық берілген салаларының біріне жатады. Бұл талап республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықта-

рында тіркелген кәсіпкерлерге қатысты. Елді мекендерде, оның ішінде моно, шағын қалаларда, ауылдық жерлерде жүзеге асатын жобалар үшін салаға шектеу жоқ.

Жобаның бизнес-жоспары несиені ескере отырып, қаржылық-экономикалық жағынан тиімді болуы шарт.

Борышкердің несиеге өтінім берген кезінде несие тарихы бұзылмаған, бюджетке міндетті төлемдер бойынша берешегі болмағаны дұрыс.

Ол үшін елдің қай өңірінде отырғаныңыз маңызды емес. Цифрлық қолтаңба кілтіңіз бен интернет болса жеткілікті. «Даму» Қорының қолдау құралдарын Online.Damu.kz порталына кіріп тауып аласыз.

«Даму» Қорының кепілдік беру бағдарламалары туралы қосымша ақпаратты Қордың damu.kz сайтынан таба аласыз.

Осы бағдарлама туралы және басқа мемлекеттік кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары туралы толық ақпаратты damu.kz веб-сайтынан және Түркістан қ., Жаңа қала мөлт. ауд., 28 көш., 5 ғим. Тел. +7 (7252) 99-70-49 алуға болады.

Шөпті алқаптарда аса сақтық қажет

Ауданымызда соңғы жылдары табиғаттың тосын мінездері оқта-текте байқалып қалуда. Өткен айларда найзағай жарқырап тамыз айының бастапқы күндері жауын жауып нөсерлетумен болды. Бүгінгі күнде барлық жерлерде өрт қауіпсіздігіне орай оқу-жаттығу жиындары болып, алдын алу, сақтық шаралары қаралып өтті. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес әрбір аудан, ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бей-жай қара-

май өз қол ұшын беруі керек. Темекі тұқылдарын кез келген жерге тастай салмай жауапкершілікпен өшіріп тастаса, тұтатқан шырпы қалдығының да алаңсыз өшкенін қадағаласа, үлкен өрттің алдын алған болар едік. Сонымен қатар, көпшілік қауым, ауыл тұрғындары қонақтарын ертіп табиғат аясына демалғанда жаққан оттың қалдықтарын өшірмей тастап кету де өртке себеп болады. Өйткені күннің бұзылуы, желдің өршуі өрт ту-

дырады. Табиғатқа шыққанда тамақ, көуәп пісіріп болған соң қадағалап сумен өшіріп, орнын топырақпен жауып кету өрттің алдын алуға үлкен мүмкіндік беретінін ескерсеңіздер екен. Алдағы уақыттарда да біз орман қызметкерлері ауданымыздың табиғат аясын қорғай отырып адамзат игілігі жолында қарқынды жұмыс атқара береміз.

Асхат ТҰРМАХАНОВ,
Созақ орман шаруашылығы мекемесінің қорықшысы.

Сәтін салған сұхбат

«Әкем менің-мақтаным»

дейді белгілі композитор, қобызшы Жаппас Қаламбаевтың қызы

Қобызшы, қазақтың белгілі композитор Жаппас Қаламбаевтың қызы Жәния (Өміржан) апаймен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

-Апай елге хош келіңіз. Сізбен көптен бері жолығып сұхбат құрсам деп едім. Бүгін соның сәті түсті.

-Өмір жолыңыз жайлы әңгімелей отырсаңыз?

-Алматыда хореографиялық училищеде оқыдым. Одан кейін Созақ ауданына келетін болғаннан кейін, мұнда биші керегі жоқ деген соң ол оқу орнын тастап, Теріскейге келдім. Медициналық екі жылдық курсты бітірдім. Одан кейін Шымкентке біліктілігімді арттыруға барып, бітіріп, медицина саласында он бес жыл істедім. Сызған кеңсінде акушерка болдым. Медпункт меңгерушісі қызметін атқардым. Ол жерде жұмыс істеп жүрген кезде шопан, малшылардың ауылын аралайтынбыз. Сол кезде еңбек адамдарының әйелдері жиі босанады. Сонымен, күндіз-түні жүреміз. Апам яғни енем бұл жұмысымды жақтырмады. Жұмыс істемей болмайды деп, Шымкенттегі пединститутқа түсіп, филология факультетінің орыс бөлімінде оқыдым. Бітіріп, Ф.Мұратбаев мектебіне қызметке келдім. Одан кейін Шолаққорғанға көшіп келдік. Үш-төрт ай А.Сүлейменов мектебінде мұғалім болдым. Содан соң Ә.Молдағұлова мектебінде орыс тілінен сабақ бердім. Қоғамдық жұмысқа белсене қатыстым. Ауылдық әйелдер кеңесінің мүшелігіне кірдім. Қыз-келиндер арасында мәдени-көпшілік шараларды жиі ұйымдастыратынбыз. Жас шәкірттерге білім бере жүріп, елдің рухани өміріне үлес қостық. Генерал аға болса, күмбірлете күй шертті, өнерін елге паш етіп жүрді. Үйіміз қонақтардан арылмайтын. Белгілі өнер адамдарының біздің шаңырақта болмағаны кемде-кем. Ағаңның жүрген жері көңілді, ән мен жырға толы болатын. Агрономдық қызметін атқара жүріп, өнердің де шырағын жағып еді. Күй өнерінің нағыз майталманы тұғын. Күй тартқанда ерекше құлпырып кететін. Өнерге бір табан жақын жастарды да маңайына топтастырды.

Алматыдағы консерваторияға да күйден сабақ беретін. Ерекше талантымен көпшілікті тәнті ететін. Халық сотының мүшесі болдым. Алты баланы дүниеге алып келдім әрі жұмысты да істедім. Белсенді әйелдердің сапында жүрдім. Орта мектепті Алматы қаласында бітіргенмін. Сол кездегі Ленин атындағы №15 мектепті тәмамдадым. Жасымы қазір сексенге келді. Қырық екі жыл еңбек өтілім бар. Генерал көкелеріңмен 1961 жылы көңіл жарастырып, отау құрдық. Алты перзент сүйдік. Үшеуі ұл, үшеуі қыз. Үлкендері зейін. Бір қызым яғни үлкен қызым зейнеткерлікке шықты. Қазақстан Ассамблеясының Түркістан облыстық филиалының



бас есепшісі болып істеген. Аты-Кәмшат. Одан кейін Гибадат деген қызым бар. Түлкібас ауданының білім бөлімінде есепші болып он бес жыл жұмыс жасап келді. Зейнеткерлікке шыққан жоқ. Одан кейінгі ұлым Сұлтан «Инкайда» жұмыс істейтін. Ол қайтыс болды. Келіншегі бар. Әмина есімді. Төрт қыз өсіріп отыр. Барлығы мамандық иесі. Үлкен қызы қобызшы. Концертмейстер. Оркестрде концертмейстер. Қобызшылардың жетекшісі. Назерке А.Жұбанов мектебінде мұғалім. Балжан Ә.Молдағұлова мектебінде ұстаз.

Сұлтаннан кейін Махмұт деген ұлым бар. Оның мамандығы электрлік. Шымкентте тұрады. Одан кейінгі Дархан деген ұл. М.Әуезов университетінде электрлік. Сіңілім Күміс Қаламбаева Құрманғазы оркестрінде халық әртісі, «Дарын» сыйлығының иегері. Ғылым кандидаты, қобызшы. Екі інім бар. Құрылысшы. Қуаныш деген інім және Мәлік деген інім бар. Мамандығы инженер. Сәуле есімді сіңілім мұғалім-зейнеткер. Менен кейін Тәжікүл, Құндыз деген де сіңілілерім бар. Он бір немерем желкілдеп өсіп келеді. Он екі шөбере сүйіп отырмын.

Иә, әкемнің қобызшылық өнері ұрпақтарына дарыған. Өнер саласындағылары жетерлік. Кеше ғана ауданымызда өткен «Күй құдыреті» жас күйшілердің облыстық байқауында немерем Назерке Асқарова бас жүлдені жеңіп алды.

Ж.Қаламбаев кезінде қазақ музыкасының майталманы болған кісі. «Жақсы әке балаға-қырық жылға азық» демекші әкемізді бүкіл ел құрметтейді. Жаппастың қызы деп мені де биікке көтереді. Құдайдың мұңысына да мың да бір шүкір,-деді Жәния апай.

-Әкеңіз жайлы, өзіңіз туралы мәнді әңгіме айтқаныңызға рахмет!

Сұхбаттасқан: **Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ,**
«Созақ үнінің»
Бас редакторы.

Тамыз айы да Созақ спортының соны жаңалықтарына толы болды. Нақтырақ айтар болсам, өткен жетінің жұма күні телефоныма аудандық БЖСМ-нің директоры Байғараев Айтөре ағай хабарласып, Айбар есімді спортшы жігіттің Қырғызстан жерінен чемпион болып оралғандығын және өзі басқарып отырған спорт мектебінде қабылдап жатқанын мәлімдеді. Арнайы хабарласып, көлік жіберген соң барып, мақала жазуға және Созақ жұртшылығынан сүйінші сұрауды жөн көрдім. Мен барсам, аудандық

дзюдо және самбо түрлерімен шұғылданатын көрінеді. Тағы да Айбар Мұхтарұлы жоғарыда аталған спорт түрлерінің барлығынан спорт шеберлігіне үміткер екен. Тілеубектей текті қарияның немересі Айбар балуан бұған дейін, яғни, 2021 жылы Дзюдодан Түркістан облысының ашық біріншілігінде 75 кг салмақ дәрежесінде күресіп, жеңімпаз атанған екен. Ал, 2022 жылы Түркістан қаласының ашық біріншілігінде III орынды місе тұтқан көрінеді. 2022 жылғы түркістан облысының іріктеу турнирінде II орын,

Аудан спорты тағы бір саңлақ спортшымен толықты



2021 жылғы Қ. Мұңайтпасов атындағы турнирде 90 келі салмақта күресіп, II орынды иеленіпті. Тағы да сол Түркістан облысының спартакиадасында жүлделі III орынға табан тіреген екен. Сондай-ақ, биылғы жылы облыста өткен қазақша күрестен біріншілікте қола жүлденің иегері атанды. Ал, Белбеу күресінен өткен жасөспірімдер арасында өткен чемпионатта жеңімпаз атанған. Ал енді, самбо күресінен 2022 жылы өткен Түркістан облысының біріншілігінде III орынды иеленді. Мінеки, бұл Айбардай балғын балуанның өмірі мен спорттағы жеңісті жолына Созақ сортының ардагері Айтөре Беркінбайұлының қысқаша шолуы еді. Мұнан соң Айбарға чемпиондық атағының айғағы медалі мен марапат

БЖСМ-нің жаттықтырушылары мен чемпион баланың жақындары жеңімпазды ортаға алып естелік суретке түсіп жатыр екен. Айтөре-Беркінбайұлының кабинетіне енген соң ол кісі бірден бүгінгі күннің кейіпкері деп, Айбар Мұхтарұлы Тілеубекті таныстырды. Чемпионды марапаттаудан алдын ол жайында әңгіме еткен ағайымның сөзінен ұққаным, Айбар Мұхтарұлы Қырғызстанда өткен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында Унифайт спорт түрінен 95 келіде өнер көрсетіп, чемпион атанып қайтыпты. Жалпы, Айбар Мұхтарұлы ауданымызға танымал ақын, Раңаталық Ыбырайымов Тілеубекқарияның немересі екен. Әкесі Мұхтар Тілеубекұлы Раңата ауылындағы «Суындық» мектебінің директоры көрінеді. Айбар бала күнінен спортқа әуес болғанға ұқсайды. Қазіргі таңда Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің 2 курсына өткен ол спорттың: қазақша күрес, бебеу күресі,

қағазы табысталды. Тағы да чемпионмен суретке түсіп, бір әулеттің ғана емес, тұтастай Теріскей жұртының қуанышын бөлістік. Бала чемпионды ұлықтау рәсімінің соңы, ағайымдарының арнайы жайған дастарханына ұласты. Дастархан үстінде ауданымызға, облыс пен республикамызға еңбегі сіңген Айтөре ағайымды бастаған бапкерлері, Айбардың ағайындары ақжарма тілектерін айтып, бұдан да биік белестерді бағындыр деген сипатта бата-лар беріліп жатты. Әрине, Созақ спортының насихатшысы ретінде мен де, өзім қызмет етіп жүрген редакция жұмысы мен оқырмандарымыздың атынан Айбарға ақжол тілеп: «Қайда жүрсең де адамгершілік қасиетіңді жоғалтпа! Алар асуың көп болсын! Ағайын-туыс жақындарың, жерлестерің біздер де сенің жетістігіңді тойлап, насихаттаудан жылқыпайық!» деп ізгі ниетімді білдірдім.

Данияр ҚОЖАНТЕГІ.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

**Директордың міндетін
уақытша атқарушы:**
**Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы**

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Жауапты хатшының уақытша
міндетін атқарушы:
Нұрсұлтан Канатұлы
Редакция құрамы-

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолаққорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30 (факс),
4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3733 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев